

## Мал асылданбай, өнім мол болмайды

Ауыл шаруашылығы саласы экономикалық дамудың басыңқы бағытының бірінен саналады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын шаруашылықтар мемлекеттің қамқорлығын айқын сезініп, алға ілгерілеу үстінде. Бірақ алда атқарылар шаруа да шаш-етектен. Сол міндеттердің жай-жапсарын ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Өтен Тоқыров сұхбатына арқау етті.

Р.МҰСАБАЙ

Екібастұз өңірінде 9 жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен 269 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Олардың саны жыл өткен сайын артып келеді. Өткен жылы ауыл шаруашылығы құрылымдарының саны 41-ге өсті. Соған сәйкес, мал басы да көбейді. Осы жылдың 1 наурызына өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда, ірі қара мал басы - 10,6%, жылқы - 18,0%, қой мен өшкі 5,0%-ға артты.

Малдың көбі жеке шаруаның меншігінде. Оның ішіндегі асыл тұқымды мал үлесі небәрі 2,5%. Мұның өзі мал өнімінің төмендеуіне душар етіп, ішкі нарықтағы сұранысты қамтамасыз ете алмай отыр, әрі өндірілген ет пен сүттің өзіндік құны да қымбат. Бөлім басшысы асыл тұқымды мал басының аздығын жануарлардың генетикалық өлеуетінің төмендігі, азықтандырудың заманауи технологиясының жоқтығы және азық сапасының төмен көрсеткішімен байланыстырды.

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы бөлімі 2020 жылға дейінгі мерзімді

қамтыған бағдарламаны жүзеге асыруды қолға алмақ. Онда етті мал шаруашылығын дамыту мақсатында өнімділігі жоғары ұрғашы мал санын көбейту мен бордақылау алаңынан тұратын фермерлік шаруашылықтарды құру көзделген. Негізінен алғанда, Екібастұз өңірінде «Табыс» шаруа қожалығы қазқтың ақбас қызыл қасқа сиыры мен жылқының жабы тұқымын, «ЭМПК» - Әулікөл тұқымын, «Ақжол» - ақбас сиыр, «Жаңа ауыл» жабы тұқымын өсіреді. Енді осы жылы «Көктөбе» мен «Гранат» (ірі қара мал) және «Мәди» (жылқы) асыл тұқымды мал өсіруді қолға алады.

—Шаруалардың асыл тұқымды бұқа сатып алуына үкімет қаржылай қолдау көрсетіп отыр. Әр асыл тұқымды бұқа 104 мың теңге көлемінде субсидияланады. Мұнымен шектелмей, шаруасын дөңгелетуге ниетті шаруа «Сыбаға» бағдарламасымен несие ала алады. 2014 жылы 7 шаруашылық 72,4 млн. теңге көлемінде несие алды. Оған 346 саулық қой, 11 бас асыл тұқымды

бұқа сатып алынды. Өз қаражатына асыл тұқымды 363 бұзау және 111 бас бұқа сатып алған шаруалар бар. Бұл жолы да ұрғашы малдың субсидияланғанын айта кету жөн, —дейді ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Өтен Боранбайұлы.

Тағы бір айтарлығы, былтыр «Көктөбе» шаруа қожалығы Герефорд тұқымды 5 бұқа сатып алған болатын. Енді биылғы жылы «Ақжол» мен «ЭМПК» малды қолдан ұрықтандыруға кіріседі.

Мал бордақылау алаңдарына келетін болсақ, «Табыс» шаруа қожалығы - 400, «Сахатай Хошут» - 50 және «Болат» 50 басқа лайықталған бордақылау алаңына ие. Енді олардың санатына «Көктөбе» шаруа қожалығы қосылады. Бұл шаруашылық 400 басқа арналған бордақылау алаңын салмақ ниетте. Сондай-ақ, 3000 орындық бордақылау кешенін құру жобасы тікелей қаржыландырылатын болады.

Жайылымдағы малдың қоңын арттыруда судың маңызы зор. Алайда суға тапшылық сезіледі. Осы орайда биыл жайылымдарда 7 құдық қазу ісі қолға алынады. Әрине, бұл жұмыс та субсидияның көмегімен жүзеге асады.

Өңірде 26 кәсіпорын ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсатумен айналысады. Оның ішінде, «Best milk» ЖШС-і өңір жұртшылығын сүт және сүт өнімдері, «Лейла» диірмен кешенінің «Еркен» шаруа қожалығы ұн, сондай-ақ, «Энергия-Капитал-1» ЖШС-і нан-тоқаш өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Сондай-ақ, қалада - 13, ауылдарда 8 жеке кәсіпкерлік жұмыс істейді. 8 кондитер цехы, макарон өнімдерін шығаратын 2



жеке кәсіпкерлік бар. Таяу арада «МПК-Экибастуз» кәсіпорны қазы мен шұжық айналындыруды қолға алады.

Жұмысын тоқтатқан «КазЭкспортКож» кәсіпорны жаңа қожайын келген соң бойына қайтадан қан жүгіртті. Құрал-жабдықтары ауыстырылды. Мал терісін сатып алу ісін жолға қойған кәсіпорын айына 300 тонна көлемінде «Web-blue» былғары шикізатын шығаратын болады. Серіктестік 20 адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. Қытайлық мамандар жұмыскерлерді екі ай көлемінде осы кәсіпке бейімдейді.

Тағы бір айтарлығы, «Бекішев» жеке кәсіпкерлігі жүн өңдеу цехын іске қосады. Мұның өзі қой жүнінің жылдағыдай ысырап болмай, кәдеге асуына жол ашады. Ал «Көктөбе» шаруа қожалығы ет өнімдерін өңдейтін цех салуға кіріскен көрінеді.